

Жаңартылған білім
мазмұнындағы оқу
әдістемесі құралын
әзірлеуге ұсынымдар

Мақсаты:

Бүгінгі білім шыңына

талпынудағы жаңартылған

білім мазмұнындағы әдістеме

құралдарын жазудағы авторлар

мен практик мұғалімдердің іс-

тәжірибесін ортаға салу, пікір

алмасу

1-топ тапсырма

Негізгі білім беру деңгейінің 6- сыныбына арналған «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасында орта мерзімді жоспарда дағдыларға сілтеме беру қажет пе? Өз көзқарасыңызды дәлелдеп жеткізіңіз.

/ оқыту әдістемесі құралынан қиынды

Мысалы:

Сабақтың тақырыбы	Оқу мақсаттары
<p>1. Т/Ж 1 Көркем шығарманың мазмұны мен пішіні «Аяз би» шыншыл ертегі</p>	<p>Т/Ж6.1.1-әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау</p>
<p>1. Т/Ж2 Әдеби шығарманың тұжырымдамасы «Аяз би» ертегісінің тақырыбы мен идеясы</p>	<p>6.1.2.1 Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру</p>

2- топ тапсырма

«Аяз би –шыншыл ертегі» жоспарындағы **тілдік мақсаттағы күтілетін нәтиже мен талқылауға арналған сұрақтың жазылуы** қаншалықты дұрыс алынған. Өзіндік көзқарасыңызды дәлелдеп жеткізіңіз.

Сабақтағы оқу мақсаты:Т/Ж Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сәжетін анықтау./оқыту әдістемесі құралынан қиынды

<p>Тілдік мақсат</p>	<p>Күтілетін нәтиже: сәжетіне-композициялық жоспар құра алады.</p> <p>Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Уәзір, қанын жүктемеу, тәңірі жазса, нашарлар, күлдіреуіш, сауысқан, шеңгел, қарақоға, қырғауыл,</p> <p>Диалог құруға/ шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер Аяз би әліңді біл, құмырсқа жолыңды біл», «Аяз би әділ, турашыл»</p> <p>Талқылауға арқалған арналған сұрақтар</p> <ol style="list-style-type: none">1.Мадан хан уәзірлеріне қандай тапсырма берді?2.Аяз би өзінің «адам жаманына» жататынын қалай дәлелдейді?3.Қылышты көлденең қойғаны не дегені?4.Жаман «Барсакелмеске» барады ма?5.Жаман бойында ханға тән қасиеттер болды ма? Елі оған қандай ат берді?
----------------------	--

Ресурстағы мәнерлеп оқу , дәптермен жұмыс туралы өз пікіріңіз, көзқарасыңызды дәлелдеп айтыңыз.

САБАҚ КЕЗЕҢІ	Жоспарланған әрекет	РЕСУРС
Ортасы	<p>Мағынаны тану кезеңі</p> <p>Оқылым тапсырмасы</p> <p>Сыныптағы оқушылар «Уақыт шеңбері» әдісі арқылы «Бурабай ұлттық саябағы» тақырыбында өз пікірлерін білдіреді.</p> <p>Топтық жұмыс</p> <p>Мәтінді түсініп оқып, стилін анықтайды.</p> <p>Жұптық жұмыс Тыңдалым мәтіннің стилін (01mp3) көрсетіп өз сөздерімен баяндайды</p> <p>Жеке жұмыс</p> <p>Оқылым мәтіндегі күрделі сөздер мен сөз тіркестерін теріп жазып, жазылуы мен айтылуындағы ерекшеліктерді дәлелдейді.</p> <p>Мұғалім жасалған жұмыстарға оқушылардың бір-біріне берген бағасына, айтылған ойларға керібайланыс береді.</p>	<p>Мәнерлеп оқу</p> <p>Дәптермен жұмыс</p>

3- топ тапсырма

Тапсырмалар оқу мақсатына жетуде дұрыс алынған ба? Қаншалықты? Берілген тапсырмалар Жеке жұмыстың дескрипторы дұрыс жазылған ба? Тапсырма мазмұны жеке жұмысқа қанағаттандыра ма? Қалыптастырушы бағалау

Оқу мақсаты: Т/Ж1 Әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтау./ оқыту әдісі

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекет
	<p>Топтық жұмыс «Постер құру» әдісі бойынша Оқыту қадамдары</p> <p>1-қадам Топтарға тақырыптар ұсынылады 1 топ Хан тапсырмасы 2 топ Хан сынағы 3 топ Жаманның үйленуі 4 топ Қырық уәзірдің іштарлығы 5-топ Жаманның даналығы</p> <p>2 қадам Әр топ тақырыптарын оқи отырып, сюжетті-композициялық жоспар құру\ Оқиғаның басталуы. Оқиғаның дамуы Оқиғаның жиеленісіуі Оқиғаның шешімі</p> <p>3 қадам Әр топ берілген тақырып бойынша суреттер салады. 4 қадам Жанрлық ерекшелігіне талдау жасайды.</p> <p>Дескриптор Берілген үзіндінің сюжеттік-композициялық жоспарын құрады Үзінді бойынша мазмұнды сурет салады. Жанрлық ерекшелігіне талдау жасайды.</p> <p>Қалыптастырушы бағалау «Шеңбердегі доп» «Доп қолына тиген оқушы әр қадам бойынша бір сөйлем айтады)</p>

»

Жеке жұмыс

Тақырып бойынша «Соңғы сөзді мен айтайын» кестесін толтыру

Үзінді	1-бет	2 сұрақ	3 соңғы	4 сөз

Дескриптор –ертегіден үзінділер **беріледі**

•Үзіндінің беті **көрсетіледі**

•Үзінді бойынша нақты сұрақ **қойылады**

•Сол сұрақ-жауап арқылы өзіндік көзқарас жазылады.\

7 берілген сұраққа үш дәлел келтір

1 топ - Неге уәзірлер құс жаманы деп қырғауылды , шөп жаманы шеңгелді алды?

2-топ Неліктен өзін адамның жаманымын дейді?

3- топ Қырық уәзір хан мен жаманның арасына неліткен от жақты?

4 -топ Хан неге олардың азғырғанына ерді?

5-топ Неліктен хан Жаманды Ақша ханның еліне көшірді ?

Топтардың қорғауы

Өзара бағалау «Екі жұлдыз бір тілек

4- топ тапсырма

Оқу мақсатынан шығатын сабақ мақсаты дұрыс қойылған ба?

ҚМЖ жоспарындағы саралап оқытуды қалай түсіндірер едіңіздер?

Оқу мақсаттары	6.2.2.1.- ауыз екі сөйлеу және стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар арқылы таниды 6.4.1. 1 тақырып бойынша жеке сөздер бірге бөлек және дефис арқылы жазылатын сөздерді орфографиялық нормаға сай жазады.
Сабақтың мақсаты	<p>Оқушылардың барлығы орындай алады: Мәтін мазмұнын түсінеді, стилін анықтайды.</p> <p>Оқушылардың көпшілігі орындай алады: Мәтіндегі ауызекі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін ажырата алады.</p> <p>Оқушылардың кейбірі орындай алады:көркем сөйлеудің тілдік құралдарын диалог пен жазба жұмыстарында қолдана алады.</p> <p>Негізгі сөздер мен тіркестер: Ұлттық бақ, Оқжетпес, Бурабай Сфинкс</p> <p>Сыныптағы диалог/ жазылым үшін тілдік бірліктер меніңше, мүмкін, өзгелердің пайымдауы бойынша, аңызда келтірілгендей</p>

4-топ тапсырма Қмж жоспарының қосымша ақпарат бөлімі. Сабақ кезеңіндегі саралау мен бағалауды түсіндірсеңіздер. Берілген тапсырма мұғалімге, оқушыға түсінікті деп ойлайсыз ба? Балмен бағалау қалыптастырушы бағалауға жата ма?

Қосымша ақпарат

Ш.Уалихановтың «Бурабай туралы» әңгімелері

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған әрекет			
Саралау	. «Артық болмас білгенің» айдарымен берілген тапсырманы толықтырады			
Бағалау	Бағалау критерийі	№	Дескриптор	Балл
	Ауыз екі сөйлеу және көркем сөйлеудің стильдік ерекшеліктерін қолданылған тілдік құралдар	1	Стильдік түрін анықтайды	1
		2	Тілдік құралын көрсетеді	1
			Күрделі мен сөз тіркесін ажыратады	1
		3	Жазылуы мен айтылуын түсіндіреді	1
Рефлексия	Төмендегі бос ұяшыққа сабақ туралы өз пікіріңізді жазыңыз. Сол ұяшықтағы сіздің сбағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз			

5 - топ тапсырмасы

Бір сабақта 4 дағды бойынша қойылған мақсатқа жетуге, оны бағалауға уақыт жете ме?

Сабақ мақсаты мен күтілетін нәтиже бір ме?

8 сынып Қазақ тілі оқыту әдістемесі қиындысы

Сабақтың тақырыбы	Болашақ энергиясы –ЭКСПО-2017
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	<p>Т/А 81.4.1 мәтінде көтерілген мәселені «тұрмыстық, әлеуметтік) талдай отырып, негізгі ойды анықтау.</p> <p>О8.2.4.1. тақырыбы ұқсас және публицистикалық стильдегі мәтіндердің тақырыбын, түрлерін (әңгімелесу, сипаттау, талқылау(құрылымын салыстыра талдау.</p> <p>Ж8.3,5.1 оқылым және тыңдалым материалдары бойынша баяндау желісін сақтап, әр бөлімнінен алынған ақпараттардан жинақы мәтін (аннотация, тезиси) жазу</p> <p>ӘТН 8.4.4.3 сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелердің қолдана білу.</p>
Күтілетін нәтиже	Болашақтың энергиясы туралы мағлұматты алады. Ытілдік бағдар тапсырмаларын орындайды, сөйлем ішінде бірыңғай мүшелер және айқындауыш мүшелерді қолданады, негізгі ақпараттардан жинақы мәтін құрастырады.
Сабақтың түрі	Кіріспе сабақ
Пәнаралық байланыс	География, тарих, әдебиет, физика

Мектеп:	
Мұғалімнің аты-жөні:	
Күні:	
Пән/Сынып:	Қазақ әдебиеті 7 - сынып
Қатысқаны/қатыспағаны:	
Тарау немесе бөлім атауы:	Балалар мен үлкендер бөлімі
Сабақтың тақырыбы:	«Жалғыз жортуыл»
Оқу мақсаты:	А/И4 Шығармадағы оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жазу
Сабақ мақсаты:	Тақырыпқа қатысты оқиға желісін өзіндік көзқарас тұрғысынан дамытып жеткізе алады.

Тілдік мақсаты:	Балаға түсініксіз, ұғымына қиындық тудыратын сөздер: жортуыл, күйлену, өр, желімдей қайнасып, жота, көк шолақ, жотасы күдірейген, көкжал, омбы қар т.б
Құндылықтарға баулу:	Жалғыздықтың ең жаманы - шынайы достарыңның жоқтығы. Фрэнсис Бэкон https://massaget.kz/layfstayl/bilim/negeli-mir/1804 Өзің қорықпасаң, жау қорқады
Тақырып бойынша алдыңғы білім:	М. Әуезов «Аты шулы тоғыз қасқыр»

Саралап оқыту

Барлық оқушылар:	Көпшілік оқушылар:	Жекелеген оқушылар:
<p>а) «Көксерек» фильмінен үзіндіні мұқият көреді.</p> <p>ә) Үзінді туралы өзіндік көзқарасын айта алады.</p> <p>Б) Көксеректің неге жалғыз жортқанын түсіндіре алады</p>	<p>а) Үзіндіде сөйлемдердің ретін дұрыс белгілейді.</p> <p>ә) Шығарманың қай тұсынан алынғанын ажырата алады.</p> <p>б) Үзінді мазмұнын сабақ тақырыбымен байланыстыра алады.</p>	<p>а) Құрмаш пен Көксеректің даралығын, өзіне тән ерекшеліктерін айшықтай алады.</p> <p>б) Оқиға желісін өзгертуде өзіндік көзқарасын дәлелдеп жаза алады.</p>

Уақыты	кезеңдері	Тапсырма	Мақсаты	Мұғалім не істейді	Оқушылар не істейді	Бағалау	Ресурстар
6 мин	Ұйымдастыру Ой қозғау	«Көксерек» фильмінен үзінді көрсету. Үзіндіні көре отырып, Көксеректің іс – әрекетін бақылай отырып үзіндіге қандай тақырып қояр едің, дала кезіп жалғыз жорық құруын не себепті дер едіңіз?	Бүгінгі тақырып не жөнінде сөз қозғалғалы отырғанын сезіндіру.	Ой қозғау кезінде түрткі сұрақ арқылы жеке оқушылардың ой тереңдігін бақылау. Сабақ тақырыбы тікелей үзіндіге қатысты.	Үзіндіні көре отырып, ойлана ала ма? Өзіндік көзқарасын жеткізе ала ма?	Қ/Б: Идея туралы пікір	www.youtube.com «Көксерек» кинофильмі

5/3 мин	Топтық жұмыс «Мәтінмен жұмыс»	4- топқа 4 түрлі Көксерек шығармасына н жалғыз жортқан тұсынан үзінділер таратылады. 1-тапсырма Берілген үзіндіден Көксеректің жалғыздығын суреттеудегі автордың шеберлігін талдап айтыңыз.	Жұмыс барысында уақытты үнемді қолдануда топ ережесі сақталды ма? «Жортуыл», «жалғыз жортуыл» сөзін қолданудағы автордың сөз шеберлігін өзіндік көзқарастары арқылы талдауда	Топтардағы тұйық, қабілетті оқушыларды бақылау	Оқушының берілген тапсырманы дұрыс орындауы күтіледі.	Қ/Б: «Топтық кері байланыс»	Мәтін үзінділері Қосымша №1
---------	--------------------------------------	--	--	--	---	--	--------------------------------

5/7мин	<p>Жұптық жұмыс</p> <p>Кестемен жұмыс</p>	<p>2-тапсырма</p> <p>Кесте бойынша Көксерек жортуылына қатысты сөйлемдерді ретімен қойып, үзіндіні сабақ тақырыбымен байланыстырып , өзіндік көзқарасын білдіреді.</p>	<p>Жұпта жұмыс жасай алуға үйрету. Берілген тапсырма мазмұнының сабақ тақырыбымен байланыстыруда бірлесіп жұмыс жасай алады ма?</p>	<p>Тапсырманы орындауда кезінде жұптық жұмыстың жүргізілуін бақылау, тапсырманы дұрыс орындауға бағыттау.</p>	<p>Жұптық жұмыста өз ойын қоса алды ма ?</p>	<p>Бағалау критерийі</p> <p>Көксерек жортуылына қатысты сөйлемдерді сабақ тақырыбымен байланыстырып , өзіндік көзқарасын білдіреді</p> <p>Дескриптор</p> <p>1.Сөйлемдердің мазмұнын түсінеді</p> <p>2.Сөйлемдердің ретін дұрыс белгілейді.</p> <p>3.</p> <p>Шығарманың қай тұсы екенін анықтайды.</p> <p>4 Үзінді мазмұнын сабақ тақырыбымен байланыстыра алады.</p>	<p>Қосымша №2 Кесте</p>
--------	---	---	---	---	--	--	-------------------------

<p>6/6 мин</p>	<p>Жеке жұмыс</p> <p>Шығармашылық жұмыс</p>	<p>3-тапсырма</p> <p>Көксерек пен Құрмаштың жалғыз қалмауы үшін оқиға желісін қалай өзгертер едің? Өз ойыңды 40 сөзбен жеткіз</p>	<p>Кейіпкерлер туралы ойын, пікірін, көзқарасын ұсыныстарын дамытып жазуға дағдыландыру.</p>	<p>Тақырыпты түсінген бала ,түсінбеген бала ,дарынды бала мүмкіндігін көру.</p>	<p>Жеке жұмыс барысында оқушы өзін көрсете алды ма? Дарынды бала байқалды ма ?</p>	<p>Бағалау критерийі</p> <p>Оқиға желісін дамытып жетілдіруде ойын, пікірін білдіре алады.</p> <p>Дескриптор</p> <p>- Оқиға желісін өзгерту арқылы өзіндік өзгеріс енгізе алады.</p>	
----------------------------------	---	--	--	---	--	--	--

Үй тапсырмасы «Аққасқа мен Көксеректің шайқасы» оқу .

Шығармада жортуыл сөзі неше рет кездеседі. Қандай тұлғады, қандай мағынада қолданып тұрғанын теріп жазу.

Сабақтан кейінгі ойланатын сұрақтар:

Не сәтті болды?

Не сәтті болмады?

Нені жақсартуға болады?

Мен өз дағдыларымды нені дамыта алдым?

Нені өзгертуге болады?